



АШЫҚ ҚОҒАМҒА ҚАРАЙ:

Сорос-Қазақстан қорының 20 жылдық қызметі

Сорос-Қазақстан Қоры

«Біздің әлеуметтік институттар толық жетілмеген және әрдайым жетілдіруді талап етеді. Ашық қоғам идеясы да осында жатыр».

ДЖОРДЖ СОРОС, Ашық Қоғам қорларының құрылтайшысы және төрағасы.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН ДОСТАР!

Біз үлкен қуанышпен назарларыңызға Сорос-Қазақстан қорының мерейтойлық есебін ұсынамыз! Есепте қорымыз жұмыс жасап келе жатқан жиырма жыл ішінде елімізде Ашық қоғамды дамыту жолындағы басты жобалар мен бағыттарға қысқаша шолу жасалады.

Осы уақыт аралығында елімізде жас азаматтардың үлкен буыны өсті. Біз жастарға шәкірталық бағдарламалар, дебаттар мен азаматтық қоғам бағытындағы жобалар арқылы қолдау көрсетіп, олардың дүниетанымы мен құндылықтық бағыттарына әсер ете білдік.

1995 жылы Ашық қоғам қорларымен құрылған қорымыздың бағдарламалары осы уақытқа дейін бірқатар стратегиялық өзгерістерге ұшырады. Бастапқы бағдарламаларымыз еліміздің тәуелсіздік алған алғашқы жылдары орын алған саяси және экономикалық реформалардың қиындықтарын жеңуге көмектесуге бағытталды. Қазақстан үшін жеңіл болмаған сол жылдары қор гранттары қазақстандық ғалымдар мен мәдениет қызметкерлерін қолдап, әлемнің түкпір-түкпіріндегі әріптестерімен байланыс орнатуға көмектессе, шәкіртақылық бағдарламаларымыз көптеген жастарға шетелде білім алуға мүмкіндік берді. Бүгінде біздің бағдарламалардың стипендиаттары мемлекеттік қызметте және бизнес саласында жауапты қызметтерде отыр.

Қазақстанда құқыққорғаушылардың қозғаласын қолдау және күшейту біздің басты мақсаттарымыздың бірі болып келеді. Адам құқықтары мәселесіне кең қарайтын біз паллиативтік көмек көрсету, инклюзивтік білім беруді енгізу, дәрі-дәрмектерге қолжеткізу, сөз бостандығын қорғау және сот әділдігіне тең қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларымызбен мақтанамыз.

Жаңа ғасырдың басы мұнай бағасының өсуімен тұспа тұс келіп, елімізге кен орындарын өңдеуден үлкен табыс алуға мүмкіндік берді. Бұл ретте, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдай қызметімізге жаңа көзбен қарауды талап етті. Нәтижесінде ашықтықты, есептілікті және лайықты басқаруды дамытатын бағдарламалар пайда болды. Біз үкіметке Кен табушы орындарының ашықтық бастамаларын жүзеге асыруға және бюджеттік есептілікті арттыруға көмектестік. Бұл - кен орындарының табыстарын халықтың дамуына жұмсау мақсатында жасалды.

Бүгінде әлем бойынша ашық қоғам үшін оңай емес кезең басталды. Діни экстремизмнің, лаңкестіктің өсуі, саяси және экономикалық тұрақсыздық ашық қоғам қалыптасты деп есептелетін елдердің өзінде адам құқықтарының бұзылуына және демократиялық құндылықтардан кері шегінуге алып келді. Қазақстан сынды демократиялық дәстүрлер мен либералдық құндылықтар қалыптасып үлгермеген елдер үшін мүлде қиын. Сондықтан біз бүгінде ашық қоғам құндылықтарын қорғау мен алға жылжытуды басты міндетіміз деп білеміз. Біз Қазақстанды мықты елдер қатарынан көргіміз келеді, ал ашық қоғам құндылықтары салтанат еткен қоғам мықты болары даусыз.

Біз қорда жұмыс істеген әр қызметкермен, қамқоршылар кеңесінің әр мүшесімен мақтанамыз. Қызметіміздің барлық саласындағы серіктестерімізді құрметтейміз. Әкінішке орай, бәрін атап өту мүмкін емес. Бірақ біз әрқайсысының азаматтық қоғамды дамыту жолында қосқан үлесін жоғары бағалаймыз.

Наргис Қасенова,
қамқоршылар кеңесінің
төрайымы

Антон Артемьев,
басқарма
төрағасы



Қазақстан.
Фото: Өділет Смағұлова

АШЫҚ ҚОҒАМҒА ҚАРАЙ:

Ашық қоғам құндылықтарын қорғай және жылжыта отыра алға ұмтылу



АШЫҚ ҚОҒАМҒА ҚАРАЙ:



«Машина». «Еске алу алаңы /Жоқтау» көрмесі үшін
Әсел Қадырханованың жұмысы, 2013 ж. Фото:
Nedelka Project

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР

Соңғы екі онжылдықта Қазақстанның мәдениет және өнер аясында Сорос-Қазақстан Қорының (СҚҚ) қолдауымен өнер, әдебиет, музыка, кино, поэзия және халық мәдениеті салаларында инновациялық жобалар жүзеге асырылды. Қор Қазақстанның мәдениет кеңістігін дамытуға айтарлықтай үлес қосты.

СҚҚ-ның көптеген жылдар бойы жазушыларға, суретшілерге, кинематографшыларға берген гранттары өнер адамдарының жаңа буынына көмектесіп, тыңдармандары мен көрермендерін қуантуға мүмкіндік берді. «Осындай байқаулардың нәтижесінде Қазақстан мәдениеті байыды. Меніңше, бұл жұмыс аса зор мәнге ие болды», - дейді өнертанушы Валерия Ибраева.

Бүгінде қайтыс болған танымал жазушы және СҚҚ бұрынғы төрағасы Герольд Бельгер, 1997 жылы қор жұмысы туралы ойын келесідей жеткізді: «Терең экономикалық дағдарыс кезінде СҚҚ бірегей бағдарламаларының елімізге көрсеткен нақты көмегін, әлсіздерге арнап тұмсығына бір тамшы су құйып алып келген, қазақ аңызындағы қарлығашқа теңер едім».

Өнер

1998 жылдан 2010 жылға дейін Сорос-Қазақстан Қоры Алматы қаласының Қазіргі заман өнер орталығына институционалдық қолдау көрсетті. Бұл - суретшілердің бір-бірімен ой бөлісе алатын, шығармашылық тұрғыдан өркендеуіне көмегін тигізетін кеңістікті құруға мүмкіндік берді. Орталық директоры Валерия Ибраева ханымның айтуынша, «бұл - кәсіби өртістердің арасында жаңалықтардың, жаңа идеялардың пайда болуына, байланыстың кеңеюіне түрткі болды. Орталықтың миссиясы - Қазақстандағы көркем өнер процестерін қолдау, сонымен қатар Қазақстан өнерін жаһандық өнер үрдісіне енгізу болып табылды». Қордың қолдауы отандық суретшілерге батыл және жаңашыл жұмыстарды жасауға, сонымен қатар өз шығармаларын елде және шет елде таныстыру мүмкіндігін берді. Ибраева ханымның айтуынша, СҚҚ қолдауының арқасында қазақстандық өнер кеңінен дамып, өрлей бастады.

СҚҚ суретшілерді өз шығармашылықтарында озық формалар мен тәсілдерді қолдануға ынталандырды. Мәселен, суретшілерге бейнеөнер

тақырыбында тренинг жүргізіп, одан кейін аттас фестиваль өткізіп, еңбектерін қалың көпшілікке ұсынуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Қор маңызды тақырыптар аясында көрмелер ұйымдастыруға атсалысты. Мысалы, «1937: Еске алу алаңы /Жоқтау» көрмесі аясында суретшілер 1930 жылдардағы сталиндік репрессиялар уақытында Қазақстан халқының шеккен азабын ой елегінен өткізуге тырысты.

Оған қоса, әлеуметтік-арт стиліндегі инновациялық жобалар да Қор қолдауына ие болды. 2012 жылы СҚҚ мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты жалған нанымдарды жоюға бағытталған Mesqueunblog жобасын қаржыландырды. Церебралды сал ауруына шалдыққан жасөспірім

СҚҚ-ның көптеген жылдар бойы жазушыларға, суретшілерге, кинематографшыларға берген гранттары өнер адамдарының жаңа буынына көмектесіп, тыңдармандары мен көрермендерін қуантуға мүмкіндік берді.

Бахытжан Жұмановтың шынайы өміріне негізделіп жасалған карикатурада, мүмкіндігі шектеулі адамдардың күнделікті өмірде кездесетін қиындықтары өзін түрінде көрсетілді. Бастапқыда карикатура ғаламторда жарияланып, кейіннен Қазақстанның барлық қалаларында көрме ретінде өтті.

«Адамдар өздерінің мүгедектігінің артына тығылып, жасқанбаулары керек. Онымен өмір сүре білулері тиіс», - деп атап кетті «Мүгедек әйелдердің «Шаңырақ» қауымдастығы» Қоғамдық Қорының төрағасы Ләззат Қалтаева. «Комикс – мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы ақпараттандырудың тамаша түрі. Бізбен бірге күлуден жасқанбаңыз».

Қор қолдаған тағы бір жоба аясында фотограф Илья Мартынов Қазақстанды аралап, тарихи ғимараттарды суретке түсірді. Кейіннен ол өзінің жасаған жұмыстарын мұрағат кадрларымен салыстырып, соңғы 50 жылда болған архитектуралық өзгерістерді суреттеп көрсетті.

Еске алу алаңы /Жоқтау» көрмесіне қойылған жұмыстар, 2013 г. Фото: Nedelka Project

«Өзімнің жұмыстарым арқылы еліміздің архитектуралық мұрасында болып жатқан өзгерістер жайында адамдармен диалог орнатқым келді», - дейді фотограф. Жұмыстар 2013 жылы Алматы қаласында «Ақиқаттардың өзара тұтасуы» атты көрмесінде ұсынылып, қалың көпшілік арасында қызу пікірталас тудырды.

Әдебиет

1996, 2000 және 2002 жылдары қазіргі заман әдебиеті аясында берілген гранттар Дидар Амантай, Таласбек Әсемқұлов, Айгүл Кемелбаева, Илья Одегов, Николай Веревокин және Ербол Жұмағұлов сияқты дарынды жас жазушыларды қолдауға бағытталған болатын. Қазақ тілін және әдебиетін дамыту Қордың басты бағыттарының бірі болып келді. 2002 жылы өткен «Заманауи роман» әдеби байқауының бес жеңімпазының үшеуі, атап айтқанда Д. Амантай мен Т. Әсемқұлов мырзалар және А. Кемелбаева ханым кітаптарын қазақ тілінде шығарды. Бұл гранттар Дидар Амантайдың «Постскриптум», «Гүлдер мен кітаптар» романы, Таласбек Әсемқұловтың музыка жайындағы лирикалық «Талтүс»

Қазақ тілін және әдебиетін дамыту әрқашан Қордың басты бағыттарының бірі болды.


романы, Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» атты өмірбаяндық романы, жойылып бара жатқан қаланың соңғы тұрғыны жайындағы Николай Веревокиннің «Зілдің тісі» (Зуб мамонта) атты есте қаларлық ертегісі сынды қызықты әдеби еңбектердің жарық көруіне мүмкіндік берді.

СҚҚ пьеса жазу үшін драматургтарға грант бөлу және Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы театрларға қаржылай көмек көрсету арқылы театр өнерін қолдап отырды.

Музыка

Қор Қазақстанның музыкалық мұрасын сақтауға өз үлесін қосты. 2001 жылы СҚҚ ұлттық музыканың төрт компакт-дискісі –





2001 жылы СҚҚ дәстүрлі музыка жинағын қаржыландырды: музыкалық фольклор, аспаптық музыка, музыкалық эпос, дәстүрлі музыка.

қазақ музыка фольклоры, қазақтың аспапты музыкасы, жыры және әндері жинақтарының шығуын қаржыландырды.

Сонымен қатар, Қор еліміздегі тұңғыш өткізілген видеожобасы бойынша тренинг сынды инновациялық жобаларды қолдау арқылы заманауи музыканың дамуына атсалысты.

Кино

Қор гранттарын әлеуметтік мәселелерді көтерген кино және телеқойылымдар иеленіп отырды. 1990 жылдары Қор қоғамның сол кездегі маңызды мәселелері мен этикалық дилеммаларын талқылайтын, сұрапыл тоқсаныншы жылдарда елімізде орын алған екпінді реформаларды көрермендерге түсіндіруге атсалысқан отандық «Тағдырлар тоғысы» телевизиялық топтамасының жасап шығарылуына қолдау көрсетті. 1998 жылы Қор бұрын жабық тақырып болып келген Теміртау қаласындағы СПИД (ЖИТС) індеті және соған қатысты туындаған кемсітушілік туралы баяндайтын «Қазақстанды бейнекамерамен аралау» атты фильмін қаржыландырды. 2013 жылы Сорос-Қазақстан Қоры жас және дарынды төрт кинематографшыға қазақ және орыс тілдерінде қысқаметражды фильм түсіру үшін грант бөлді. «Құрылысшылар» фильмінде үйсіздік және әлеуметтік әділетсіздік

мәселелері көтерілсе, «5000 теңге» фильміне жемқорлық мәселелері талқыланады. Өз кезегінде автор, жемқорлық мақсатында қолданған ақша өзін қалай «сезінеді» деген сұраққа жауап беру үшін анимацияны тиімді қолдана білді. «Елес» фильміне Арал теңізінің экологиялық күйзеліске ұшыраған аудандарында тұратын жасөспірімдердің мәселелері сипатталса, «Менің қолымды

ұста» фильмі аққандылық (лейкоз) ауруына шалдыққан жасөспірім мен орта жас күйзелісіне түскен адам туралы баяндайды.



«Тағдырлар тоғысы» сериалының кейіпкерлері. 1996-2000 жж. Фото: VoxPopuli



АШЫҚ ҚОҒАМҒА ҚАРАЙ:

Қазақ тілі сабағында. Құлагердегі мектеп.
Фото: Ирина Богачева

БІЛІМ БЕРУ

Мектепке дейінгі білім беруді жақсарту, білім берудің ұлттық стандарты және 12 жылдық білім беру жүйесіне өту реформасында үкіметке қолдау көрсету, инклюзивтік білім беруді дамыту арқылы осал топтағы балалар үшін білім алу қолжетімділігін жақсарту, халықаралық шәкіртақылық бағдарламалар арқылы машықтарды арттыру бастамалары Сорос-Қазақстан Қорының білім беру саласының дамуына қосқан үлесі болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру

Қор мектепке дейінгі білім берудің балаларға және қауымдастыққа бейімделген әдістемесін дайындау бойынша жобаны қолдау арқылы осы салаға тұрақты және жағымды өзгерістер алып келді. Осы жобаны іске асырған Step by Step Kazakhstan ұйымының директоры Дина Айджанованың айтуынша: «Бағдарламаның мақсаты - білім беру әдістемелерін өзгертіп, оған демократиялық қағидаларды енгізу болды». Дәлірек айтқанда, жоба сәбиді танымдық және физикалық тұрғысынан дамыту барысында балаларға бейімделген амалдарды қолдану керектігін насихаттаумен қатар, оқыту процесінде балаға қолайлы тәсілдерді қолдануды және де сабақтарға ата-аналардың қатысуын ынталандыруды мақсат тұтты. 1996-1998 жылдар арасында жоба шеңберінде мұғалімдерді оқыту және құрал-жабдықпен қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның бірқатар қалаларында алты пилоттық мектептерінде мектепке дейінгі білім берудің модельдері жасалды. Жоба

өте нәтижелі және жемісті болды. Қазіргі уақытта Step by Step Kazakhstan ұйымы Қазақстан бойынша 650 мектепке дейінгі және 38 бастауыш сыныптарынан тұратын үлкен желіні басқарады. Сонымен қатар, үйде оқыту және ата-аналарға балаларының ерте дамуымен айналысуға көмек беретін отбасылық ресурстық орталықтардың бағдарламасын басқарады.

Step by Step Kazakhstan ұйымы мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартын құрып, әр балаға бейімделген оқыту қағидаларын жылжытып, мұғалімдердің кәсіби өсуіне және инклюзивтік білім

Мұғалімдер әр баланың құрметтеуді талап ететінін, сондай-ақ олардың ата-аналары да құрмет пен қызықтыруды қажет ететінін түсінді.

берудің дамуына елеулі үлес қосты. 1996 жылдан бастап Step by Step Kazakhstan ұйымының қолдауымен 50 000-нан аса бала мектепке дейінгі және бастауыш сыныптарында білім алды, ал 2500 мұғалім балалармен жұмыс істеу бойынша тренингтерден өтті. Дина Айджанованың айтуынша, бұл көптеген адамның өмірге деген көзқарасын өзгертті. «Мұғалімдер әр баланың құрметтеуді талап ететінін, сондай-ақ олардың ата-аналары да құрмет пен қызықтыруды қажет ететінін түсінді. Менталитеттің өзгеруі байқалады», - деп түйіндеді ол.

Білім беру стандарты

Қордың Білім беру бойынша ұлттық стандарттарын реформалау жобасы Үкіметтің 12 жылдық білім беру жүйесіне ауысуына көмектесуге бағытталған. 2001 жылы ҚР Білім және ғылым министрілігімен бірлесе жасалған жоба білім беру жүйесін реформалау процесіне айтарлықтай әсер етті, ал қазақстандық сарапшылардың ұсыныстары білім беру саласындағы үкіметтің стратегиясына енгізілді. Жоба аясында сарапшылар білім берудің ұлттық стандарттарын реформалау бойынша халықаралық тәжірибені зерттеп, нәтижесінде, Қазақстанда «ақылды экономиканың» дамуына септігін тигізіп, жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ете алатын қажетті реформалардың түрлерін қарастырды. 2003 жылы сарапшылар үкіметке реформалардың жоспарын ұсынды, ал олардың

білім беру жүйесіне қатысты тұжырымдамалары 2004 жылы қабылданған мемлекеттік білім беру бағдарламасына енгізілді. Сонымен қатар, Қор Ұлттық Пікірталас Орталығының көмегімен критикалық ойлау қабілетінің дамуына үлес қосты. Аталмыш орталық 1998 жылы Бахытнұр Отарбаевамен оқушылар мен студенттердің критикалық ойлау қабілетін қалыптастыру мақсатында құрылды. «Балалардың критикалық ойлау және көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру біздің басты мақсатымыз болды және біз, ол мақсатқа қол жеткізе білдік. Біздің бағдарламамыздың басты жетістіктерінің бірі - оның тұрақты болуы», - дейді ол. Осы бастаманың арқасында мемлекет бойынша көптеген мектептерде әлі күнге дейін пікірталас клубтары жұмыс жасайды және жастарға критикалық ойлау қабілетін қалыптастыруға көмектеседі.

Шәкіртақылық бағдарламалар

1995 жылдан 2013 жылға дейін жүзеге асырылған СҚҚ-ның халықаралық шәкіртақылық бағдарламалары Қазақстанда машықтар мен құзіреттер жүйесінің дамуына, мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саласына зор үлес қосқан аса білікті мамандар шоғырын қалыптастыруға көмектесті. Бағдарлама аясында Қазақстанның 2000-ға жуық студенті американың және еуропаның жетекші университеттерінде сапалы білім алу мүмкіндігіне қол жеткізді. Елге оралып, алған білімдерін мемлекет пайдасына қолданды.

СҚҚ шетелде білім алу бойынша тегін қызметтер көрсетіп, кеңестер беретін білім беру Орталығын қолдап келді. Кейіннен ұқсас қызметтер көрсеткен Білім-Орталық Азия орталығын қолдады. Студенттерге гуманитарлық және әлеуметтік ғылым, соның ішінде экономика, құқық, журналистика, қоршаған ортаны сақтау бойынша, әлеуметтік жұмыс және мемлекеттік саясат салаларында гранттар берілді.

«Біздің үлесіміз Қазақстанның гуманитарлық ғылымдар саласындағы сарапшылар тобын құрғанымызда», - деп атап өтті Білім-Орталық Азия Орталығының директоры Лейла Едігенова.

«Қордың оқыту бағдарламаларын дамыту бойынша шәкіртақылық бағдарламалары оның қатысушыларына білім беру және ғылыми-зерттеу институттарын жақсартуға нақты үлес қосуларына мүмкіндік



«ZhasCamp» жастар неконференциясының қатысушылары 2014 ж.
Фото: Қазақстан жастарының ақпараттық қызметі ұйымы (МИСК)

берді», - дейді осы бағдарламаның қатысушысы және бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің әлеуметтану ғылымының профессоры Назым Шеденова.

Инклюзивтік білім беру

СҚҚ барлық бала сапалы білім алуға құқылы деген сенімге негізделі отырып, инклюзивтік білім беру идеясын алға жылжытуға көмектесті. Қор 2020 жылға дейін Қазақстан мектептерінің 70% инклю-

зивтілікпен қамтуға бағытталған үкіметтің жұмысына қолдау көрсетіп келеді. Қор сапалы білім беру қызметтеріне жиі қол жеткізе алмайтын, ал кейде жалпы орта білім беру жүйесінен мүлде шектеліп тасталатын осал топтың балаларына білім беру қолжетімділігін жақсартатын жобаларды қолдайды.

Сорос-Қазақстан Қоры 2009 жылы Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымымен (ЭЫДҰ) жүргізілген зерттеуге қаржылай қолдау көрсетті. Зерттеу аясында мемлекеттің ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға қатысты білім беру саясаттары мен бағдарламалары зерттелініп, барлық балалардың сапалы білімге қолжеткізе алуын қамтамасыз ету үшін қандай өзгертулер керектігі бойынша ұсыныстар жасалды. Зерттеудің нәтижесінде Қазақстанның заңдарында ерекше қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуға құқығы бар екендігі бекітілгеніне қарамастан, тиісті қызметтерді көрсетуді мүмкін етудің базасы жоқ екені анықталды. 2011 және 2014 жылдары Қор білім алуға мүмкіндігі жоқ және де инклюзивтік білім алуға кедергілермен (білімдегі және машықтардағы кемшіліктер, икемсіз оқу жоспары, қажетті оқу материалдарының жоқтығы, білім ғимараттарының қолжетімсіздігі) кездескен балаларды анықтау үшін Қазақстан көлемінде



Студент қыз. Алматы. Фото: СҚҚ

ахуалдық талдау жүргізу жұмыстарын қаржыландырды.

2011 және 2012 жылдары СҚҚ бүкіл республика бойынша аймақтық дәрежеде білім беру саласында саясаттар мен қаулыларды енгізуге жауапты мемлекеттік қызметкерлерге арналған инклюзивтік білім берудің сәтті үлгілері жайлы оқытып-үйрететін, «мектепті инклюзивтік ету үшін не істеу қажет және мұғалімдерді даярлау және қайта оқыту жүйесі қалай өзгертілуі тиіс» сынды практикалық сұрақтарды шешуде кеңес беретін семинарлар топтамасын ұйымдастырды.

Қор 2012-2014 жылдар аралығында Ақмола облысының бес мектебінде пилоттық негізде жүргізілген инклюзивтік жобаларды қолдады. Жоба аясында мектептерін инклюзивтік мектепке айналдыру бойынша жоспарларды дайындау жұмысы мұғалімдердің өздеріне артылды. СҚҚ ауыл мектептерінде инклюзивтік білім беру

бастамасын қолдау мақсатында гранттар бөлді. Сонымен қатар, мұғалімдерге инклюзивтік білім беру бойынша тренингтердің өткізілуін қаржыландырды.

Қор мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуға қолжетімділігін арттыруға бағытталған бастамаларға қолдау көрсетеді. Нақты айтсақ, СҚҚ аутизм бойынша Орта-Азия Желісіне www.inclusion.kz – мамандар мен ата-аналарға арналған инклюзивтік білім бойынша материалдарынан тұратын веб-сайтын жасауға грант бөлді. Қор ерекше қажеттіліктері бар балалардың инклюзивтік білім алу жолында біржақты көзқарасты төмендету міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Осы ретте, осал топтардан шыққан балалардың білім алуға басқалармен бірдей тең құқықтары бар деген пікірді қалыптастыру мақсатында журналистерге арналған гранттық байқау ұйымдастырды. Барлық балалардың сапалы білім алу құқығына

қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан әлі де талай белестерді бағындыру керек. Дегенмен, біздің осы саладағы белсенді жұмысымыз инклюзивтік білім беруді еліміздің күн тәртібінің жоғарғы сатыларына шығаруға мүмкіндік берді деп сенеміз.

Барлық балалардың сапалы білім алуға тең құқығы бар деген қағиданы ұстанған СҚҚ инклюзивтік білім беру идеяларын жылжытуға көмектесті.



Инвотакси. Қарағанды, 2014 ж. Фото: VoxPopuli

АШЫҚ ҚОҒАМҒА ҚАРАЙ:



ОҚО-дағы ауыл бюджетін талқылау, 2014 ж.
Фото: Шолпан Айтенова

БАСҚАРУ

Сорос-Қазақстан қоры ұзақ жылдар бойы бюджеттің ашықтығы мен есептілігі және қоғамды бюджеттік процеске тарту бастамаларын қолдап келеді. Біздің есептілікті және осы саладағы үздік тәжірибелерді енгізу жолындағы жұмыстарымыз елімізге жағымды әрі ұзақмерзімді әсерін тигізді, болашақта да өз жемісін береді деп сенеміз.

«Осы жылдар ішінде СҚК еліміздің демократия жолында дамуына өзінің елеулі үлесін қосып келді», - дейді Кирилл Осин, энергетикалық ресурстарға бай Қазақстанның батысында орналасқан «Эко Маңғыстау» ҰЕҰ-ның директоры. «Қор қолдауымен үкімет, бизнес және қоғамдық ұйымдар арасында диалог орнату механизмі қалыптасты. Бұл - белсенді қоғам және ашық, жауапты үкімет қалыптастыруға мүмкіндік берері сөзсіз».

Өндіруші салалардың ашықтық бастамасы

СҚК Қазақстанда алғашқылардың бірі болып мұнай және газ салаларының ашықтығы мен есептілігінің маңыздылығы туралы айта бастады. 2004 жылы Қор «Kazakhstan Revenue Watch» бағдарламасын іске қосты. Бағдарлама «Мұнай кірістері қоғамның бақылауында болсын!», «Азаматтық Құрылтай» және «Айқындық» атты коалицияларды қолдау арқылы табыстардың ашықтығын насихаттайтын қоғамдық бастамаларды құруға көмектесті. 2005

жылы Қазақстан Қор және оның серіктестерінің көмегімен есептіліктің халықаралық стандарты болып табылатын Өндіруші салалардың ашықтық бастамасына (ӨСАБ) қосылды.

ӨСАБ аясында өндіруші компаниялар өздерінің бюджетке төлеген салықтық және салықтан тыс төлемдерін ашық түрде жариялайды, ал үкімет өз тарапынан осы салалардан түскен түсімдер бойынша есеп береді. Нәтижесінде үшінші жақ өндіріс салалары мен үкіметтің мәліметтерін салыстыру мүмкіндігін алады. 2013 жылы Қазақстан тағы да бір маңызды асуды бағындырып, ӨСАБ-ның ізбасар-елі мәртебесін алды.

«Қордың Қазақстанда ӨСАБ жүзеге асырылуын қолдауы - осы бастаманың кең таралуына мүмкіндік туғызды», - дейді Павел Лобачев, «Эхо» ҰЕҰ-ның директоры. СҚК елімізде ӨСАБ-ның жүзеге асуын бақылайтын Ұлттық кеңесінің жұмысына азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуын қаржыландырды. «Мемлекеттік деңгейде құрылған көптаратты органның құрамында азаматтық қоғам өкілдері толыққанды дауысы бар шынайы және тең құқылы

мүшесіне айналды. Бұл саладағы ақпарат әлдеқайда ашық болып келе жатыр», - дейді ол.

Осы саладағы процестер қоғамның назарын өндіруші компаниялардың, әсіресе, энергетикалық ресурстарға бай Батыс Қазақстанда орналасқан компаниялардың жұмысына аударып, жергілікті қауымдастықтармен әрекет жасауға бағыт алған бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жақсартты.

Мүдделі тараптардың ұлттық кеңесіне қатысу арқылы азаматтық қоғам өкілдері энергетикалық компаниялардың қаржыландырылған әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жасалатын мониторингке қатысу мүмкіндігін алды. Сондай-ақ жаңа жобаларға қатысты шешім қабылдау процестеріне қатыса алды.

Аталмыш Кеңестің компаниялардың кірістері туралы есептерді жүйелі түрде жариялауы өндіруші салалардан түсетін табысты меңгеруде едәуір ашықтыққа қол жеткізуді мүмкін етті. Ашықтықтың инвес-

ӨСАБ Қазақстандағы жағдайды айтарлықтай өзгертіп, өндіруші салалардан түсетін табыстарды басқару саласында есептіліктің дамуына көмектесті.

торлар үшін маңызы зор болғандықтан, осындай бастамалар елімізде ұзақмерзімді және тұрақты инвестициялық ахуалдың орнауына мүмкіндік береді. Қазақстан үшін ӨСАБ жағдайдың өзгеруіне әсер еткен шара болды, және де ол энергетика саласынан келіп түскен табысқа байланысты мемлекеттік есептілікті орнатуға белсенді ат салысты.

Азаматтық бюджет

Мемлекеттік қаржыға қоғамдық бақылауды жақсарту саласындағы СҚҚ жұмысының тағы бір маңызды мұрасы ретінде Азаматтық бюджет бастамаларының жүзеге асырылуын айтуға болады. Бұл жоба республикалық және жергілікті бюджетті маман емес адамдардың түсіне алатын форма-тында жасауды көздейді. Бастама ақпарат ашықтығын арттырумен қатар, қоғамның бюджеттік процестерге қатысуын қамтамасыз етеді. Азаматтық бюджетті енгізу үшін СҚҚ Қаржы министрлігімен, Халықаралық бюджеттік серіктестікпен, Қазақстанның ұлттық бюджет желісінің (ҚҰБЖ) мүшелерімен және де ҰЕҰ коалициясымен бірігіп жұмыс жасап келеді.

2011 жылы үкімет азаматтық бюджеттерді іске асыруды мүмкін ететін заң қабылдады. Бүгінде мемлекеттік органдардың барлығы дерлік - министрліктер мен жергілікті атқарушы органдардан құқық қорғау органдарына дейін, өз веб-сайттарында қолданушыға түсінікті түрде Азаматтық бюджеттерін жариялайтын болды. Осының арқасында мемлекеттік шығындарды азаматтық бақылауға алу мүмкін болып отыр.

Сонымен қатар бюджеттік процестің барлық дерлік кезеңдерінде үкімет қолда бар құжаттардың – бюджеттік есептерден дайын аудиторлық есептерге дейін ұсынылуын қамтамасыз етеді. Бұл жоба (СҚҚ «Мемлекеттік қаржының ашықтығы» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып келді) азаматтардың мемлекеттік шығыстарға мониторинг жасауына, сонымен қатар, бюджетті қоғам қажеттіліктерімен талқылау процесіне үлкен әсер етті.

Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі

Жергілікті бюджеттердің ашықтық индексі (ЖБАИ) СҚҚ және Қазақстанның ұлттық бюджеттік желісімен әзірленіп, жалпы бюджеттік есептіліктің жақсаруын, сондай-ақ аймақтық және республикалық деңгейдегі бюджеттік процестерге қоғамның қатысуын ынталандыруды мақсат тұтады. Осы мақсатқа жету үшін елдің 14 облысы мен екі бас қаласы - Астана мен Алматыда бюджетке байланысты зерттеулер жүргізіліп, соңында олардың ашықтық тұрғысынан саралау жасалады. ЖБАИ-дің алғашқы рейтингі 2011 жылы жарияланды және қазіргі уақытта өзін аймақтарда жергілікті бюджеттің шығыс бөлігін салыстырмалы бағалау және әр аймақтың ашықтық және есептілік деңгейін анықтау инстру-менті ретінде бекітті.

Индекс арқылы бүкіл ел бойынша бюджеттік процестердің ерекшеліктері анықталып, қай өңірлер өз азаматтарына оған қатысудың көбірек мүмкіндіктерін беретінін айқындауға көмектеседі. Айналып келгенде, индекс жергілікті құрылымдардың ақпаратқа қолжетімділікті жақсартуға негізделген. «Бюджетті әзірлеу мен оларды орындау барлық адамдарға, әсіресе, осал топтардың өкілдеріне әсерін тигізеді. Экономикалық тұрғыдан алғанда бюджетті орындауға қоғамдық мониторинг жүргізу қаражаттың мақсатты пайдалануына және мемлекеттік дамыту бағдарламаларының

Бұл жоба мемлекет шығыстарына мониторинг жасау, сонымен қатар, бюджетті талқылау процесіне азаматтарды тартуға үлкен үлес қосты.



Каспий теңізіндегі Қашаған кен орны.
Фото: Джоанна Лиллис



Мұнайы бар цистерналар, БҚО.
Фото: Дэвид Триллинг

тиімділігінің артуына мүмкіндік береді», - дейді Жәнібек Хасан, «Зерттеу» ғылыми-зерттеу институтының директоры.

Жергілікті өзін-өзі басқару

Қор Қазақстанның жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытындағы талпынысын 1996 жылдан бастап қолдап келеді. Қор Үкімет өзінің орталықсыздандыру бастамаларын өрістеткен сайын қолдау көрсетуді жалғастыра беруде.

Біздің бастамаларымыздың арасында жергілікті деңгейдегі бюджет процестеріне қауымдастықтарды тартуды насихаттау аса маңызды орынға ие. Осы арқылы біз жергілікті қауымдастықтар бюджетке байланысты шешімдерді қабылдауға белсене қатысып, бюджеттік қаражатты пайдалануда жергілікті билік өкілдерімен ортақ жауапкершілікті бөліскенін қалаймыз.

СҚҚ Қаржылық орталықсыздандыру (децентрализация) бастамалары бойынша Ұлттық экономика министрлігімен бірігіп жұмыс жасайды. Жұмыс барысында қауымдастық өкілдері бюджетті бағалау әдістерін үйреніп, өз құқықтары мен міндеттері жайында ақпарат алады.

Жергілікті өзін-өзі басқару бастамасы аясында жергілікті биліктің бюджетті

қалыптастыру және оны үлестіру бойынша өкілеттіліктері көбейгендіктен, Қор осы қаржыны меңгеруге керекті механизмдерді құруда азаматтық қоғамның дауыс құқығы болғанын қалайды.

Электрондық үкімет

2002 және 2006 жж. Қор Шығыс-Қазақстан облысындағы «Ашық қала» жобасын қаржыландырды. Осы арқылы үкіметтің Қазақстанда электрондық үкіметті алға жылжыту жұмысына қолдау көрсетті. Жоба нәтижесінде Өскемен қаласы өкімдігі мен маслихатының ресми сайты өзірленіп, жарияланды. «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту Орталығы» қоғамдық қоры жүзеге асырған аталмыш аймақтық бастама аясында жергілікті билікпен халық арасындағы екіжақты байланысты қамтамасыз ететін тиімді, онлайн жүйесі құрылып, басқа өңірлерге арналған электрондық үкімет моделі өзірленді. Осы бастама еліміздің дамуына ұзақмерзімді ықпал жасады және қазір электрондық үкімет ел өмірінің ажырамас бөлігіне айналды.

Біздің бастамаларымыздың арасында жергілікті деңгейдегі бюджет процестеріне қауымдастықтарды тартуды насихаттау аса маңызды орынға ие. Осы арқылы біз жергілікті қауымдастықтар бюджет сұрақтарына байланысты шешімдерді қабылдауға белсене қатысып, бюджеттік қаражатты пайдалануда жергілікті билік өкілдерімен ортақ жауапкершілікті бөліскенін қалаймыз.

Конвенция Организации Объединенных Наций
о защите прав мигрантов

1 июля 2003

Сектор социальных и гуманитарных наук
Отдел международной миграции и
культуральной политики
Пункт выдачи паспортов (Поль де Гроингер)
E-mail: d.groinger@unhcr.org

Телефон:
Сектор социальных и гуманитарных наук
Отделение расов, этнической и информации
Жанетт Блок
Телефон: +32 (0) 1 45 88 44 33
E-mail: jblock@unhcr.org

Содержание
"Конвенция ООН о защите прав мигрантов" ... с.2
"Вопросы и ответы о международной
миграции" ... с.8
"Словарь и источники информации" ... с.9

АШЫҚ ҚОҒАМҒА ҚАРАЙ:

20
ЛЕТ
БОРЬБЫ
ЗА ВАШИ
ПРАВА
ВСЕМИРНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
ПО ПРАВАМ ЧЕЛОВЕКА 1993



Адам құқықтары туралы брошюралар.
Фото: Әсел Әбдрахманова

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Ашық қоғам құндылықтарының негізінде адамның басты құқықтары мен бостандықтары жатыр, сондықтан адам құқықтарын қорғау бойынша бастамаларды қолдау қызметіміздің негізгі бағыты болып табылады.

Адам құқықтары мен заңды сақтаудың Қазақстан халықаралық бюросының басқарма төрағасы Евгений Жовтистің айтуынша: «адамзаттың дамуы туралы біздің (қормен) көзқарасымыз ортақ. Яғни, біз үшін адам құқықтары қоғамның негізін қалаушы қағидат, ал адам арын құрметтеу түбегейлі фактор болып саналады». Біздің осы саладағы жетістіктерімізге Қазақстанда адам құқықтарын қорғауды жақсарту бойынша халықаралық адвокати талпыныстарын қолдау, адвокати кампанияларын жүргізушілердің әлеуетін арттыру және адам құқықтары бойынша білім беру арқылы қоғамның ақпараттылығын арттыру жата-

ды. Біз жаңашыл әдістерді қолдану арқылы әділ сот жүйесінің жетілуіне өз үлесімізді қостық, соның нәтижесінде, жасөспірімдердің ерекше талаптарын ескеретін ювеналды әділет жүйесі құрылды.

Әлеуетті арттыру

Мемлекет ішінде де, халықаралық деңгейде де құқық қорғаудың қажетті дағдыларына ие құқық қорғаушылар мен белсенділердің жаңа толқынын тәрбиелеуге бағытталған бастамаларға Қор жүйелі түрде қолдау көрсетеді. Біз жас құқыққорғаушылар мен белсенділерге арналған оқыту жобасын ұйымдастыруды жалғастырамыз. Жоба аясында олар адам құқықтары саласында зерттеу жүргізуді, үкіметке өз ұсыныстарын ұсынуды, сонымен қатар, адам құқықтарын қорғаудың халықаралық механизмдерін пайдалануды үйренеді. 2014 жылы аталмыш курс 10 белсенді үшін жүргізілді. Курс барысында олар тәлімгерлердің басшылығымен адам құқықтары бойынша сапалы сараптамалық баяндамалар жасауды үйренді. Курстың бес қатысушысы халықаралық құқық қорғау механизмдеріне қатысты. Оның ішінде 2014 жылғы БҰҰ-ның Қазақстан бойынша адам құқықтары жөніндегі Кеңестің дүркіндік шолу отырысы да бар.

«Курстың пайдасы зор болды», - дейді тренинг қатысушысы Роман Реймер.

«Біріншіден, ол білімімізді құрылымдауға мүмкіндік беріп, адам құқықтарын қорғаудың ішкі және халықаралық механизмдерін түсінуге көмектесті. Біз курс барысында халық алдында сөйлеу және байланыс орнату шеберлігімізді арттырдық, сараптамалық құжаттар дайындауды, заманауи амалдарды қолдануды үйрендік». Реймер мырза мүмкіндігі шектеулі адамдардың әділ сотқа қолжетімділігі тақырыбын мұқият зерттеп шықты: «өз аймағымдағы жағдайдың өзгеруіне үлес қосуым үшін осы жобаны іс жүзінде жүзеге асыруым тиіс», - деп қорытындылады ол.

Халықаралық адвокати (адвокати)

Қор халықаралық дәрежеде адам құқықтарын қорғау бойынша жұмыс атқаратын белсенділердің талпыныстарын қолдайды. Олар адам құқықтары аясында үкімет өзіне алған жауапкершілікті қаншалықты атқаратындығын бақылап, азаматтық қоғамның рөліне ерекше назар аударып, осы жауапкершіліктерді жүзеге асыруда кездесетін кемшіліктерді анықтап, жағдайды өзгерту бойынша ұсыныстар жасайды.

Қор, ҰЕҰ-ның және жеке белсенділердің БҰҰ адам құқықтарын қорғау бойынша Кеңестің әмбебап шолуы; Бала құқықтарын қорғау бойынша БҰҰ Комитеті; БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясы; БҰҰ Азаптауларға қарсы комитеті; Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт; Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы

Мемлекет ішінде де, халықаралық деңгейде де құқық қорғаудың қажетті дағдыларына ие құқыққорғаушылар мен белсенділердің жаңа толқынын тәрбиелеуге бағытталған бастамаларға Қор жүйелі түрде қолдау көрсетеді.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

халықаралық пакт сияқты құқық қорғау механизмдеріне қатысуын қолдайды. Осы халықаралық механизмдерге қатысатын азаматтық қоғам өкілдері заң үстемдігі, азаматтық және саяси бостандық, әлеуметтік-саяси құқықтар саласында өзгерістер енгізу керектігін анықтап, айтып жатады.

Қор отандық және халықаралық құқық қорғау және адвокаты қызметтерін көрсету жолында әрдайым жетекші рөл атқарып келе жатқан Адам құқықтары мен заңды сақтаудың Қазақстан халықаралық бюросына институционалдық қолдау көрсетті. Қазақстанның ҰЕҰ-дары коалициясы сияқты топтар арқылы Бюроның азаматтық қоғамды адвокатылық қызметке тарту талпыныстарына қолдау жасады. Қазақстанның ҰЕҰ коалициясы баяндамалары әмбебап дүркін шолу отырыстарында, саяси бостандық (сөз, ар-намыс және ассоциациялар бостандығы) және осал топтардың құқықтық салаларындағы (сонымен қатар, мигранттардың және адам саудасы) маңызды кемшіліктеріне назар аударды. СҚҚ мәжбүрлеп және жастайынан үйлендіру, әйелдерге көрсетілетін зомбылық сияқты сұрақтарға аса ден қоятын Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы Конвенция (ӘҚКНЖК) бойынша есеп өзірлеуде азаматтық қоғамның қатысуын қолдады және де Қазақстан ҰЕҰ-ның азаптауға қарсы Коалиция бастамаларын қолдап, осы саладағы адвокаты қызметтері арқылы айтарлықтай жетістіктерге жетті. Мысалы, 2013 жылы Үкімет Азаптауларға қарсы ұлттық сақтандыру (превентивный) механизмін қабылдады.

Сахналық сот отырысы.
Фото: СҚҚ



Құқыққорғаушылардың қатысуымен
баспасөз конференциясы, Алматы, 2014 ж.
Фото: Джоанна Лиллис

Адам құқықтары саласында білім беру

1994 жылы СҚҚ мектептер базасында мақсаты жастар арасында адам құқықтары бойынша білімді арттыру болып табылатын инновациялық оқыту жобасын құрды. Қор заң факультетінің студенттерін оқытып, кейінен олардың мектептерде адам құқықтары бойынша семинарларды өткізе алулары үшін дайындайтын Street Law-Қазақстан қауымдастығының құрылуына қолдау көрсетті. Оқыту барысында ойталқы, сахналық сот процестері сияқты жаңашыл әдістер қолданылды. Жоба студенттерді тартып, қызығушылықтарын оятып, олардың арасында ой талқысын

тудырды. Нәтижесінде жоба қатысушылары негізгі құқықтардың қарапайым адамдардың өміріне қалай қатысты екені туралы өз тұжырымдарын жасады. «Олардың көптеген мәселелерге байланысты көздері ашылды. Өздерінің қажеттілігін түсінді. Жоба өз мақсатына жетті», - дейді Айжан Мухтарова, Street Law-Қазақстан қауымдастығының директоры. Яғни, жоба оған қатысқан мыңдаған студенттердің азаматтық сана-сезімін нығайтты. Студенттерді оқытудан бөлек, Street Law-Қазақстан мұғалімдерге арналған семинарлар өткізіп, адам құқықтары бойынша оқулықтар топтамасын жариялады. Аталмыш оқулықтар үкімет рұқсатымен мектептерде пайдаланылды. Street Law-Қазақстан тренингтері мен семинарлары кәмелетке толмаған жастарды бейімдеу орталықтарында және әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған балаларға арналған мекемелерде өткізілді. Бұл - қоғамның осал топтарын өз құқықтары мен міндеттері туралы ақпараттандыру үшін жасалды. «Жоба Қазақстанда азаматтық қоғамның құрылуына үлкен үлес қосты деп сенемін», - деді Василий Зенов Street Law жобасының тренері, заңгер.

1998 жылы Қор Алматы қаласының Қазақ Гуманитарлық Заң Университетінің жанында заң факультеті студенттерінің қатысуымен «заң клиникалары» атты жобаға қолдау көрсетті. Жоба Қазақстанда тегін заңгерлік көмек көрсету тұжырымдамасын қалыптастыруға ықпал етті. Ал 2013

жылы мемлекет әр азаматқа қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істер бойынша тегін заңгерлік көмек алуға құқық беретін кепілді заңгерлік көмек жайында Заң қабылдады. Алматы қаласының заңгерлер коллегиясының заңгері Гүлнар Байгазина-ның айтуынша «адамдар бұндай көмекке зәру, бірақ кез келген адамның заңгер жалдауға мүмкіндігі жоқ».

Ювеналды әділет

2008 жылы СҚҚ қолдауымен мамандандырылған Ювеналды әділет жүйесінің құрылуы Қазақстанда құқықтық жүйені қалыптастырудың маңызды кезеңі болды. 2003 жылы Қор ювеналды әділетті дамыту бойынша бастаманы жүзеге асыра бастады. Нәтижесінде көмелетке толмаған жасөспірімдерге арналған және олар қажетсінетін мамандандырылған заңгерлік көмекті алуға кепіл беретін әділ сот жүйесі қалыптасты. Қазақстанда Қор қаржыландыруы арқылы жүргізілген зерттеу,

көмелетке толмаған азаматтардың қажеттіліктерін ескеретін жүйе аясында жасөспірімдерді түрмеге қамаудан басқа баламалардың артқанын және жасөспірімдерге деген полиция және сот тарапынан қарым-қатынастың өзгергенін анықтады. 2006 жылы Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен іске қосылған пилоттық жоба аяқталғаннан кейін 2008 жылы үкімет ювеналды соттың ұлттық жүйесін қалыптастыра бастады. Сорос-Қазақстан Қорының бастамалары Үкімет саясатының ювеналды әділетті орнатуға қарай өзгеруіне түрткі болып, Қазақстанның отандық тәжірибесін халықаралық міндеттерге сай өзгертуіне көмектесті. «Бұл жүйе Қазақстанның құқықтық жүйесіне айтарлықтай үлес қосқан Сорос-Қазақстан Қоры қызыметінің жемісі болып табылады», - деді Байгазина ханым.

2008 жылы СҚҚ қолдауымен мамандандырылған Ювеналды әділет жүйесінің құрылуы Қазақстанда құқықтық жүйені қалыптастырудың маңызды кезеңі болды.

Адам құқықтары күнін атап өту барысында жастармен кездесу, Алматы, 2013 ж.
Фото: Әсел Әбдрахманова



АШЫҚ ҚОҒАМҒА ҚАРАЙ:



Телекоммуникациялық мұнара, Алматы.
Фото: Павел Михеев.

БАҚ

Қордың ерікті, жауапты және кәсіби БАҚ-ты дамытуы бойынша жұмысы дәстүрлі форматтан онлайн хабар таратуға көшу, техникалық сараптама мен кәсіпқойлықты арттыру және азаматтық қоғамның заңнама процестеріне әсер ету талпыныстарын қолдау қағидаларына негізделген. «Тәуелсіз БАҚ қоғамның дамуы мен өрлеуінің кепілі болып табылады», - деп санайды «Құқықтық медиа-орталығы» ҚҚ-ның директоры Диана Окременова.

Конвергенттік журналистика

1990 және 2000 жылдары Сорос-Қазақстан Қоры дәстүрлі хабар тарату форматынан онлайн форматына өту процесінің басында тұрған басылымдарға, соның ішінде Navigator, Zonakz.net (орыс тілінде) және Qazaq.kz пен Arasha.kz (қазақ тілінде) сынды алғашқы тәуелсіз интернет БАҚ-қа қолдау көрсетті. Қор қолдауы аталмыш басылымдардың хабар таратуда онлайн форматқа көшуіне көмектесті.

Осы бағыттағы Қор жұмысының тағы бір елеулі жұмыстарының бірі - жергілікті БАҚ-тың онлайнға көшуіне қолдау көрсету болып табылады. 2012 жылы Қор БАҚ-тардың жергілікті жаңалықтарды тарату идеясына қолдау көрсетіп, сегіз қала бойынша 10 жергілікті басылымға, атап айтқанда Қостанай қаласындағы «Наша газетаға», Жезқазғандағы «Потребности», Ақтөбедегі Рика ТВ, Семейдегі «Спектрге», Оралдағы «Уральская неделяға» және «Мой городқа» грант берді. Бұл аймақтық басылымдар жергілікті маңызы бар жаңалықтарды

алғашқы болып хабарлайды, жергілікті билік өкілдеріне сұрақтар қойып, маңызды тақырыптарды ұлттық деңгейде көтереді. «Сорос-Қазақстан Қорының қолдауымен жасалған газетіміздің жаңа сайты оқырман-дарымызға жедел, әрі кез келген уақытта аумақтың өмірі жайында ақпарат алуға мүмкіндік береді», - дейді «Подробности» газетінің бас редакторының орынбасары Юлия Высоцкая.

Қор аймақтық БАҚ-тың Android және IOS-ке арналған қосымшаларына көшуіне мүмкіндік беретін гранттар бөлді. 2012 жылы Қордың қолдауымен «Мой город» басылымы аймақтық БАҚ-тардың алғашқысы болып ұялы телефонға арналған сандық қосымшаны шығарды. Қазіргі таңда бұл қосымшаға күніне 6000-нан аса адам кіреді. «Мой город» басылымының онлайн трафигі бұқаралық ақпарат құралдар нарығындағы бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан көптеген жергілікті жаңалықтар агенттіктерінің онлайн трафигінен әлдеқайда жоғары. «Бізге әлемді қара-ала түсте емес, шынайы қабылдаған маңызды. Осы орайда, сайтымызға және сандық қосымшамызға кіретін адамдар қатарының күнен-күге артуы, ұстанымымыздың дұрыстығын дәлелдесе керек», - дейді Жанат Нұғманова, басылымның бас редакторы.

Тәжірибемен алмасу

Қор пікір білдіру еркіндігін нығайту және кәсіби журналистік стандарттарды насихаттау саласында жұмыс істейтін кәсіби ұйымдарды құруға көмек көрсетіп келді. Қор қолдауының арқасында сөз бостандығын қорғаудың халықаралық «Әділ Сөз» қоры, «Құқықтық бұқаралық ақпарат құралдарының орталығы», «MediaNet халықаралық журналистика орталығы» ұйымдары қарқынды, табысты және тұрақты ұйымдарға айналды. Он жылдан астам уақыт бойы «Әділ Сөз» ұйымы баспасөз бостандығы құқықтарын бұзу фактілеріне мониторинг жасап, журналистерге жасалған шабуылдарға назар аударып, заңды кеңестер беріп, сотта журналистердің құқықтарын қорғап, құқықтары мен міндеттерін үйретіп, ұлттық деңгейде БАҚ-ты реттеу саласында реформаларды алға жылжытады. «Әділ Сөз» қорының президенті Тамара Калееваның айтуынша, Сорос-Қазақстан Қорының 20 жылдық жұмысын «білім беру, прогресс және қолдау» сөздерімен сипаттауға болады.

Аймақтық басылымдар жергілікті маңызы бар жаңалықтарды алғашқы болып хабарлайды, жергілікті билік өкілдеріне сұрақтар қойып, маңызды тақырыптарды ұлттық деңгейде көтереді.

Қор, сонымен қатар, кәсіби және әлеуметтік-жауапты журналистиканы қалыптастыру жолында жұмыс істеп келе жатқан тәуелсіз Қазақстан Баспасөз клубы ұйымына қолдау көрсетіп келеді. Қор БАҚ үрдістері мен мәселелері талқыланатын пікірталас алаңдарын қолдайды. Олардың қатарында Қазақстан Баспасөз клубымен ұйымдастырылатын Медиа Құрылтай, MediaNet ұйымымен өткізілетін Орта-Азия Интернет форумы бар. Біз халықаралық тәжірибемен алмасу үшін аталмыш шараларға шетелден келетін БАҚ саласындағы сарапшылардың шығындарын көтерсек, халықаралық конференцияларға қатысқысы келетін отандық журналистерге жол жүру гранттарын ұсынамыз.

Біліктілікті арттыру

Қор үшін журналистердің біліктілігін арттыру маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Осы мақсатта қор түрлі жобалар мен кәсіби жүйелерді қолдап, сол арқылы оларға көптеген журналистің қатысуына мүмкіндік жасады. 2005 жылдан бастап СҚҚ-ның қолдауымен MediaNet журналистика мектебі кәсіби мамандардың жаңа буынын тәрбиелеуге ықпал ету мақсатында 600-ден аса журналисті оқытып шығарды. «Қор гранттарының арқасында халықты шынайы ақпаратпен қамтамасыз ететін кәсіби және тәуелсіз журналистердің бірнеше буыны қалыптасты», - деді Әділ Джалилов, MediaNet ұйымының негізін қалаушылардың бірі.

2010 жылы СҚҚ «Ашық Қоғам» жүйесінің өзге қорлары мен бағдарламаларымен серіктестікте, аймақтық журналистік зерттеу мектебінің базасында журналистерге қаржы мәселесін жақсырақ жарықтандыруға көмектесу үшін мемлекеттік қаржы тақырыбында курс өткізді.

2014 жылы «Ашық Қоғам» Қорының Еуразия және медиа бағдарламаларының қолдауымен СҚҚ Қазақстан Баспасөз клубымен бірлестікте жаңа «iMedia мектебі» жобасын іске қосты. «Меніңше, Сорос-Қазақстан Қоры БАҚ нарығын дамытуда тек қана маңызды жүйелік жобаларды жүзеге асырады», - деді Қазақстан баспасөз клубының президенті Әсел Қарақұлова. «iMedia мектебі - Қазақстан-

дағы мультимедиялық журналистика сапасын жақсартып, тәуелсіз БАҚ жобаларының сапасының өсуіне атсалысады».

2010-2012 жылдары Қордың қолдауымен азаматтық журналистиканың дамуы және қатысушылардың веб-сайттар мен блогтарды іске қосуда қажет болатын машықтармен қамту үшін алты облыстық орталықта мультимедиялық форматта қазақ тілінде мақала жазатын 200 журналистке арнап тренинг өткізілді. «Сорос-Қазақстан Қорымен бірге, біз, сөз бостандығының дамуына елеулі үлес қостық», - дейді қазақ тіліндегі БАҚ-тың дамуымен айналысатын «Мінбер» қоғамдық бірлестігінің президенті Есенгүл Кәп.

Сондай-ақ, Қор еркін медиа кеңістіктің құрылуына және оның сақталуына бағытталған реформаларды ілгерілету үшін пайдаланылуы мүмкін зерттеулерге қолдау көрсетеді. Мысал ретінде, БАҚ-қа мемлекеттік тапсырыстың әсерін зерттеумен айналысатын «Құқықтық медиа-орталық» ҰЕҰ-ын айтса болады. Орталықтың электрондық дерекқоры мемлекет қаржыландыратын ұлттық және жергілікті басылымдардағы материалдардың қамтылу ауқымын көрсетеді. Нәтижесінде қоғамның ақпа-

Қор үшін журналистердің біліктілігін арттыру маңызды міндеттердің бірі болып саналады. Осы мақсатта қор түрлі жобалар мен кәсіби жүйелерді қолдап, сол арқылы оларға көптеген журналистің қатысуына мүмкіндік жасады.

ратқа қолжетімділігі жақсарды, ал қоғам арасында БАҚ тиімділігі туралы пікірталас қыза түсті. «Сорос-Қазақстан Қоры өзге донорлар қолдауға, қоғам көтеруге, талқылауға жүрексінген тақырыптарды қолдайды. Осының нәтижесінде азаматтық қоғамның белсенділігі артып, күрделі тақырыптарды талқылай бастайды, өз құқықтары мен еркіндіктерін қорғауға ниеті пайда болады», - деп тұжырымдады Құқықтық медиа-орталығының директоры Диана Окремова.



Маңғыстау облысының әкімі Бауыржан Мұхамеджановтың блогерлермен кездесуі, Жаңаөзен, 2011 ж. Фото: VoxPopuli



Бұқаралық ақпарат құралдарын реттеу

Қор азаматтық қоғамға заң шығару қызметі аясындағы пікірталастарға қатысуға көмектеседі. СҚҚ 2009 жылы азаматтық қоғамның Интернетті реттеуге бағытталған заңды талқылау, ал 2013-2014 жылдары «Әділ сөз» Қорының және «20-шы бап» коалициясының Қазақстанда баспасөз еркіндігін күшейту мақсатында Қылмыстық және Азаматтық кодекстерге өзгерту енгізу бойынша талпыныстарына қолдау көрсетті. Осы бастамалардың маңызды нәтижелерінің бірі - журналистің заңды кәсіби қызметіне кедергі жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу болды. Қор 2013 жылы «Ашық Қоғам» Қорларының жаһанды бастамасының аясында «Қазақстанның Сандық Медиа Картасын» жасауға көмектесіп, елде сандық жүйеге өту үрдісі қалай өтіп жатқандығын, оның БАҚ плюрализміне қалай әсер ететіндігін, БАҚ тұтастығын, журналистік әлеуетті талдау талпынысы жасалды. Бұл – қордың Қазақстанның сандық технологияларға көшу барысын-

дағы өрлеуі туралы пікірталасты орнатуға бағытталған 4 жылдық қызметінің өзіндік қорытындысы болды. Қор «теледидар және радио арқылы хабар тарату» заңнамасының өзгеруі жайындағы парламенттік пікірталасқа азаматтық қоғам бөлсенділерінің қатысуын қолдады. Нәтижесінде, аймақтық телеарналарға сандық хабар таратуға көшу барысында Үкімет тарапынан қолдау көрсетілетін болды. Сонымен қатар, ұлттық операторға тәуелді болмау үшін, жергілікті арналарға жеке мультиплекс ашуға рұқсат етіліп, бастама заңды түрде бекітілді.

өл-Фараби ат. Қазақ Ұлттық Университетінің «Журналистика» факультеті магистрантының сұхбат алу кезеңі, Алматы, 2012 ж.
Фото: Ден Кокс



Медикұрылтай. Ақпараттық қауіпсіздік бойынша панельдік талқылау, Алматы, 2014 ж.
Фото: Қазақстан баспасөз клубы

АШЫҚ ҚОҒАМҒА ҚАРАЙ:



Аурухана қызметкерлері, Алматы.
Фото: Владимир Третьяков

ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ

Қордың денсаулық сақтау аясындағы жұмысы Қазақстанның қоғамдық денсаулық сақтау мектебін қолдау және медицина қызметкерлеріне шетелде білім алуға гранттар беру арқылы оларды кәсіби дайындау саласының жақсаруына алып келді.

СҚҚ алғашқылардың бірі болып жазылмас дертке шалдыққан жандардың өмір сапасын жақсартатын Қазақстандағы денсаулық сақтаудың паллиативтік жүйесін және «есірткінің зияндығын төмендету» бағдарламаларын іске қосты.

Қоғамдық денсаулық сақтау мектебі

Сорос-Қазақстан Қоры 1997 жылы қаланған күнінен бастап Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің қол астындағы Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебіне ұйымдастырушылық қолдау көрсетіп келді. Қолдау, сондай-ақ, мектепті қазіргі заман жабдықтарымен қамтамасыз ету үшін бөлінген техникалық гранттар және қызметкерлеріне шетелдің жетекші медициналық оқу орындарында қысқа және ұзақ мерзімді білім алуына мүмкіндік беретін білім беру гранттары түрінде көрсетілді.

Сонымен қатар, қолдау Батыс елдерінің жетекші жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, алдын алу медицинасы, медициналық құқық, басқару және денсаулық сақтау экономикасы сынды бағыттар бойынша оқу

бағдарламаларын жетілдіру арқылы жүзеге асты. «Білім беру бағдарламаларының жақсаруы және мектеп оқытушыларының кәсіпқойлығының артуы қор жобаларының нәтижесі болды», - дейді дәрігер, профессор, Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің құрылтайшысы Мақсұт Құлжанов.

Қор мектептің денсаулық сақтау саласында қашықтықтан оқыту бойынша жасаған жұмысына қолдау көрсетіп, соның нәтижесінде, мектептің оқыту бағдарламаларының әлдеқайда көп адамды қамтуына және денсаулық сақтау қызметкерлерінің барынша көп санының біліктіліктерін арттыруына мүмкіндік тудырды. СҚҚ қашықтықтан оқыту жүйесінің инфрақұрылымын құруға гранттар бөліп, соның ішінде электрондық оқу материалдарын өзірлеу және мұғалімдер мен басшыларды дайындауды қаржыландырды.

Мектеп қызметкерлері алған білімдерін денсаулық сақтау аясында заңнамалар мен бағдарламаларды жасап шығару барысында негізгі лауазымды тұлғалар, жергілікті билік органдарымен ынтымақтастық орнатып, денсаулық сақтау бағдарламалары мен денсаулық басқаруды жүзеге асыруда ұлттық дәрежеде өз үлесін қосып келеді.

СҚҚ қолдауы Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге ықпал етті. «Бұл бастамалар қазақстандықтардың өміріне тікелей болмаса да, жанама әсерін тигізді. Бұл саладағы бастамалар, денсаулық сақтаудың басқару жүйесін жетілдіру, денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, медициналық көмектің қолжетімділігін жақсарту, оның жаңа қағидаларын енгізу арқылы жүзеге асырылды», - дейді Құлжанов мырза.

Зальцбургтік семинарлар

Қордың гранттық бағдарламалары дәрігерлерге және басқа да денсаулық сақтау қызметкерлеріне Австрияның клиникаларында машықтанудан өтуге, дағдыларын жетілдіріп, халықаралық тәжірибе жинақтауға

СҚҚ қолдауы Қазақстанда денсаулық сақтау жүйесін жақсартуға көмектесті.



Қазақстан ауруханасындағы балалы аналар.
Фото: Ulrich Baumgarten/ Getty Images

Зальцбургтік семинарлар Қазақстан денсаулық сақтау жүйесінің дамуына тұрақты әсер етті. Дәрігерлер отанына жаңа білім, жаңа дағдылармен қаруланып келіп, емделушілеріне сапалы ем көрсете білді.

мүмкіндік берді. Бұл бастама Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге едәуір ықпал тигізді.

Қор 1998 жылдан 2003 жылға дейін педиатрия, кардиология, неонатология, гинекология, отоларингология, анестезиология, урология және жұқпалы аурулар саласындағы мамандарға 66 грант бөлді. Кейіннен бағдарлама қаржыландыру мен қолдауды қажет етпейтін халге дейін өсті. Бағдарлама аясында медицина қызметкерлерінің әлі күнге дейін австриялық клиникаларға баруына мүмкіндігі бар. Зальцбургтік семинарлар Қазақстан денсаулық сақтау жүйесінің дамуына тұрақты әсер етті. Дәрігерлер отанына жаңа білім, жаңа дағдылармен қаруланып келіп, емделушілеріне сапалы ем көрсете білді.

Залалды төмендету

Сорос-Қазақстан Қорымен қаржыландырылған залалды төмендету бағдарламасы есірткіні пайдалануға байланысты туындаған теріс салдарды төмендетуге көмектеседі. Бұл ретте Қор аталмыш бастамалар денсаулыққа тигізетін қауіптерін есте жойып тастай алмағанымен, қолданушыларға және жалпы қоғамға тәуекелдерді азайту бойынша практикалық құралдар ұсынады деген қағиданы ұстанды.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі, ЖИТС Республикалық Орталығымен бірлесіп, АИВ / ЖИТС, С гепатиты сияқты аурулардың таратылуын тоқтату үшін Қор қаржыландыратын бағдарламалар инъекциялық есірткі қабылдаушыларды (ИЕК) қамтыды.

«Бұл салада Сорос-Қазақстан Қоры пионерлердің бірі», - дейді «АИВ / ЖИТС саласында және нашақорлармен жұмыс жасаушы Қазақстандық ұйымдар қауымдастығы» ЗТБ басшысы Татьяна Родина. Қор 2003 жылы қоғамдық денсаулық сақтау ұйымының күн тәртібіне залалды төмендету сұрақтарын енгізуі мақсатында инелермен алмасу бойынша пилоттық жобаны қаржыландырды. Нәтижесінде бүгінде Қазақстанның барлық облыстарында ине мен шприцтерді айырбастау орны бар. Бұл жайт қоғамның денсаулығына төнуі мүмкін қауіптерді барынша азайтуға көмектесті. «Біз есірткі пайдаланудан туындайтын зияндардың, әсіресе, АИВ індеттерінің таралуын төмендетуге тырысудамыз», - деп жалғастырды Родина ханым. Ол басқарып отырған ұйым 2004 жылы СҚҚ қолдауымен құрылып, енді өзін-өзі қаржыландыруға көшіп отыр. «Қазіргі таңдағы басты мәселе қауіпті төмендету болып отыр. Бағдарламаның арқасында көптеген адамдар

ауруларды жұқтырмады. Бұның әлеуметтік мәні өте жоғары».

Паллиативтік көмек

Өміріне қауіп тудыратын ауруларға шалдыққан адамдар үшін жасалған паллиативтік көмек көрсетудің мамандандырылған жүйесін ендіру СҚҚ қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы жұмысының ұзақмерзімді мұрасы болып табылады. Паллиативтік көмек емделушілердің және олардың туыстарының өмір сапасын жақсартып, олардың құқықтарының, абыройларының және теңдіктерінің сақталуына ерекше көңіл бөледі. Жүйе симптомдарды бақылауды және емделушілердің ауруларын жеңілдетуді қамтамасыз ете отыра, олардың туыстарына психологиялық қолдау көрсетеді. 2008 жылы Қор Қазақстанның паллиативтік көмек көрсету саласына ахуалдық талдау жүргізуді қаржыландырып, нәтижесінде, адвокация, оқыту, біліктілікті арттыру арқылы заманауи стандарттарды енгізу қажеттілігін анықтады. 2009 жылы паллиативтік көмек түсінігі Қазақстан Республикасының «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне енгізілді, ал 2010 жылы қағаз бетіне жазылған ұлттық стандарттарды жасап шығару мақсатында СҚҚ, Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстанның қоғамдық денсаулық сақтау жоғарғы мектебі және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы

сарапшылардан тұратын жұмыс тобы құрылды. Паллиативтік көмектің ұлттық стандарттары өз күшіне енген 2013 жыл денсаулық сақтау жүйесіндегі нәтижелі жылдардың бірі болды.

Мемлекет бойынша денсаулық сақтау тәжірибесіне паллиативтік көмек көрсету жүйесін толықтай ендіру үшін көп уақыттың қажеттілігіне қарамастан, жазылмайтын ауруға шалдыққан адамдарға, олардың қажеттіліктеріне сай - хоспистен бастап емханалық көмекке дейін әртүрлі қызметпен қамту бойынша үкімет міндеттемесі пайда болды.

Сонымен бірге, әлі күнге дейін СҚҚ қолдауын талап ететін науқастардың үйіне баратын, көпсалалы жедел бригадалар бар. «Паллиативтік көмек көрсету жүйесін және оңалтуды енгізу мыңдаған жазылмайтын науқастарға қажетті медициналық көмекке қол жеткізуге мүмкіндік беріп, нәтижесінде олардың өмір сүру сапасы айтарлықтай жақсара түсті», - деді Құлжанов мырза.

«СҚҚ халыққа көмек көрсетудің медициналық және әлеуметтік салаларының дамуына айтарлықтай қарқын енгізді», - дейді Гүлнар Күнірова, 2013 жылы СҚҚ қолдауымен құрылған паллиативтік көмек көрсету қауымдастығының президенті. «Қордың өзінен бастау алған немесе оның көмегімен жүзеге асырылған жобаларының арқасында, паллиативтік көмек көрсетудің философиясы

үкіметтік емес сектордан Үкімет пен Парламент деңгейіне дейін өне бастады».

Паллиативтік көмек көрсетудің қағидасы – емделушілер мүмкіндігінше ұзақ әрі жақсы өмір сүруі тиіс дегенді білдіреді. Бұл – емделушілердің және олардың отбасыларының өмір сүру сапасына жағымды әсер етеді. «Топтың көрсеткен мейірімділігіне, қамқорлығына үлкен алғысымды білдіргім келеді», - дейді аталмыш көмекті алған Равия Күрепанова. «Осы адамдардың арқасында мен өзімді әлдеқайда жақсы сезініп отырмын. Енді мен жалғыз емеспін».

Паллиативтік көмек көрсетудің қағидасы – емделушілер мүмкіндігінше ұзақ әрі жақсы өмір сүруі тиіс дегенді білдіреді. Бұл – емделушілердің және олардың отбасыларының өмір сүру сапасына жағымды әсер етеді.

Қарағанды қаласындағы хоспис.
Фото: VoxPopuli



ЖАҢА СТРАТЕГИЯ

Біздің әлеуетті қызметіміз – ашық қоғам құндылықтарын алға жылжыту. Біз қор жұмысының БҰҰ-ның адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында бекітілген, Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған әмбебап қағидаларын жылжытуға ат салысатынын мақтан тұтамыз. Жұмысымызды одан әрі жүргізе келе, біз, осы құндылықтарды Қазақстанды әлеуметтік, экономикалық және саяси дамыту механизмі ретінде нығайтуды жалғастыра береміз.

АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРЫ БІЗ:

- алдына адамның негізгі құқықтарын қорғау және либералды реформаларды ілгерілету мақсатын қоятын азаматтық қоғам белсенділерін және олардың ұйымдары мен бастамаларын қолдауды жалғастырамыз;
- ашықтықты есептілікке айналдыру мақсатында табыстар мен бюджеттердің ашықтығы саласындағы жетістіктерімізді одан әрі пайдалануды жалғастырамыз;
- жастардың белсенді және жауапты азаматтар болуы үшін олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтіп, қауымдастықтарының өмірін жақсартуға керекті машықтарды береміз;
- инновациялар және кәсіпқойлықты қолдау арқылы бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуетін күшейту, сонымен қатар, сөз еркіндігі кеңістігін сақтауға үлес қосамыз;
- менталдық бұзушылықтары бар адамдарды, оларды қоғамның ең осал тобы ретінде мойындап, қоғамға енуіне көмектесеміз;
- қоғамдық саясат саласындағы әлеуетті арттырып, ашық қоғам идеяларын бөлісетін мамандардың жаңа буынына қолдау көрсетеміз;
- бұрынғы байланысты нығайта отырып, нақты мақсаты мен болашаққа деген көзқарасы бар жаңа серіктестермен байланыс орнатуға тырысамыз.



Сурет авторлары: Әсел Әбдрахманова, Юрий Беккер, Ден Кокс, Джоанна Лиллис, Айдана Мұхаметғалиева және қор мұрағатынан.

Адам құқықтары

Адам құқықтары қор жұмысының басты әлеуеттерінің бірі болып қала береді. Біз серіктестеріміздің осы бағыттағы жанкешті жұмысын қолдап, сол арқылы іргелі адам құқықтарын тиімді қорғауларына көмектесеміз. Серіктестірімізге қосымша қаржылық қолдауды тарту мақсатында адам құқықтары саласындағы донорлардың жұмыстарын үйлестіруге көмектесеміз.

ҰЕҰ-дардан өзге адам құқықтары мен мүдделерін қорғаудың жаңа формасын көре отырып, қоғамдық қозғалыстарды қолдауға мүдделіміз. Себебі қоғамдық қозғалыстар - негізгі мәселеге назар аударып, тың әдістерді қолдана отырып, қалың көпшіліктің қолдауына ие бола алады. Біз оларға кәсіби ұйымдармен байланыс және серіктестік орнатуға септігімізді тигізе отыра, әлеуеттерінің өсуіне көмектесуге дайынбыз.

Ашықтық және есептілік

СҚҚ Қазақстанда өндіруші өнеркәсіп қызметтерінің ашықтығы бастамасы үшін қозғалысының қалыптасуына көмектесті. Нәтижесінде еліміз аталмыш бастамаға қосылды. Қазіргі кезеңде ашықтықтың бастамалары арқасында қолжетімді болған ақпараттың қалың көпшілікке түсінікті әрі маңызды болып табылуына қол жеткізу керек. Ол үшін мемлекеттік қаржы және бюджетті басқару мәселелері бойынша қоғамдық талқылаулар өткізу керек.

Ашықтықты арттыру бойынша өз тәжірибімізге негізделіп отыра, біз электр энергетикасының ашықтығы бастамаларына қолдау көрсеттік. Дәлірек айтсақ, осы салада ашықтық пен есептілікке шақыратын азаматтық қоғам ұйымдарының жаһандық жүйесінен тұратын Электр энергетикасын басқару бастамасын қолдадық.

«Жергілікті бюджет» бастамасы

ҰЕҰ-дың қор қолдауымен жүргізілген бюджетке мониторинг жасау бағдарламалары бойынша тиімді жұмысы бюджеттік жүйенің ашықтығы мен есептілігінің ұлттық деңгейде айтарлықтай деңгейде өсуіне алып келді. Енді осы сәтті қызметті жергілікті деңгейге көшіруді көздеп отырмыз.

Жергілікті деңгейде азаматтар әлі күнге дейін бюджеттік ақпаратқа қолжеткізуде айтарлықтай қиындықтарға тап болып,

бюджеттік шешімдерді қабылдауға әсер ете алмайды. Бұл өз кезегінде азаматтардың құқықтары мен мүдделеріне әсер етеді. Оның үстіне жергілікті деңгейде барлық мемлекеттік шығынның 60%-нан астамы жүзеге асырылады.

Біз жинақталған тәжірибімізді жергілікті бюджеттің ашықтық және есептілік стандарттарын дайындау және жергілікті деңгейде жұртшылықтың бюджеттік процеске қатысуына пайдаланамыз. Бюджеттік ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету және шешім қабылдау процесіне адамдарды белсенді түрде тарту үшін Жергілікті бюджеттердің ашықтығы индексі дайындауға қолдау көрсеттік. Біз оның жергілікті билік өкілдерін осы салада жағымды өзгерістер енгізуге ынталандырады деп сенеміз.

Жастар бағдарламасы

СҚҚ жастардың белсенді, жауапты азамат, әрі өз қауымдастықтарының және қоғамдық пікір көшбасшылары болуларына көмектеседі, бастамаларын қолдайды. Біз жастарды саяси енжарлық, діни және өзге экстремизм сынды жағымсыз идеологиядан аулақ болуға ынталандырып, қоғамда жағымды өзгерістер енгізу үшін либералдық құндылықтарды қабылдауға шақырамыз.

Біз рөлімізді жастарды бағыптауда емес, олардың өз қауымдастықтарын өзгерту бойынша бастамаларын жүзеге асыру үшін қажет машықтар мен құралдармен қамтамасыз етуде көреміз. Біз жастарды өз әлеуметтік мәселелерін шешу барысында мемлекетке немесе өзге субъектілерге иек артудан гөрі, өздеріне сенуге шақырамыз. Біздің көмегіміз жастардың өзі мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын іздеуде жауапты деген түсінікке негізделген.

Жаңа стратегияда бағдарламаның қамту ауқымын кеңейтуге тырысып, ірі қалалардан тыс жерге шығуға талпындық. Назарымызды қазақтілді ортаға аударып, бағдарламаларымызды ауыл жастарының қажеттіліктеріне бейімдеудеміз.



БАҚ бағдарламасы

СҚК өз күшін жауапты және кәсіби журналистика қағидаларын ұстанатын БАҚ-тың біліктілігін және әлеуетін арттыруға бағыттайды. Қор жаңалықтық журналистиканы сандық платформаларға ауыстыру бойынша семинарларға қолдау көрсетіп, журналистік зерттеу және мәліметтер журналистикасы сынды салаларда оқуға мүмкіндік береді.

Біз ашықтық, есептілік, әлеуметтік әділеттік сынды тақырыптарды жарықтандыру барысында жергілікті жаңалықтардың сапасын жақсарту мақсатында аймақтық БАҚ-тың әлеуетін дамытуға баса назар бөлеміз. Сонымен қатар, қазақ тілінде сапалы өнім жасағысы келетін БАҚ-ты қолдаймыз.

Шетелде оқу және халықаралық серіктестікті бекіту талпыныстарын қолдай отыра, БАҚ өкілдерінің журналистік және қаржылық тұрақтылығын арттыруға ат салысуға тырысамыз. Қор тренингтерге жаңашылдық және креативтілік енгізе отыра, Қазақстан медиа қауымдастығы үшін сапаның кәсіби стандарттарын арттыруға талпынады.

«Қоғамдық саясат» бастамасы

Қор ашық және демократиялық қоғам құндылықтарын бөлісетін жас сарапшылардың қауымдастығын қалыптастыру мақсатында Қазақстанда қоғамдық саясат саласын дамытуға атсалысады. Бұл мақсатқа қатысушыларға саяси басқарушылық сараптама, мәліметтердің визуализациясы және коммуникация сынды қажет машықтарды беретін арнайы оқыту бағдарламасы арқылы жетуді көздеп отырмыз. Тақырыптар, оларды шешудің оңтайлы жолын табу үшін Қазақстан алдында тұрған міндеттерге негізделі отырып алынады. Мысал ретінде миграция, білім беру, қылмыстық құқық, әлеуметтік саясат, ұлттық мемлекеттік құрылым,

аймақтық даму, діни қарым қатынас, экономиканың диверсификациясы тақырыптарын алса болады. Сонымен қатар, біз сарапшылар өз либералдық көзқарастарын шешім қабылдайтын тұлғаларға және қалың көпшілікке жеткізе алатын жүйелер мен пікірталас алаңдарын қолдаймыз. Оған Власть Интернет журналының базасындағы Ekvilibrio бағдарламасы және «Кипр» аналитикалық тобының пікірталас алаңы мысал бола алады.

«Баршаға ашық қоғам» бастамасы

Қор кемсітушілікке тап болып, Қазақстанда әлеуметтік ең осал топтардың бірі болып табылатын менталдық бұзушылықтары бар адамдардың қоғамға ену бойынша талпынысын қолдайды. Менталдық бұзушылықтары бар ересектердің басым бөлігі жабық мекемелерде ем қабылдаса, ал балалар болса, әдетте, жалпы білім беру жүйесінен шектетілген болып келеді.

Біз психикалық денсаулық саласында баламалы қызмет көрсететін орталықтарды қолдаймыз. Сол арқылы сәтті мысал қалыптастырып, болашақта деинституционализациялану бойынша қызметтің іргетасын қалауды мақсат етіп отырмыз. Сәйкесінше саясаттарды дайындау және менталдық бұзушылықтары бар адамдарға деген қоғам көзқарасын өзгерті үшін серіктерімізді жұмылдырып, сол арқылы ол адамдар үшін қоғамнан шектетілмей өмір сүруге, білім алуға және жұмыс істеуге мүмкіндік жасағымыз келеді.



(с) Сорос-Қазақстан Қоры
050000, Қазақстан, Алматы
Желтоқсан көш.111 А, 9-кеңсе

Тел.: +7 (727) 250 38 11
250 98 50
258 89 83
Факс: +7 (727) 250 38 14

www.soros.kz
Facebook/Twitter: SFKazakhstan